

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

произошло. Можно сделать вывод, что за двухминутным видеороликом стоит большая и ответственная работа. Конечно же, такие условия ставят перед собой СМИ и ответственные авторы интернет-контента, именно такой четкий и «правильный» список необходимых дел перед публикацией видео, тогда мы можем говорить о кэпшн-видео как о жанре новых медиа.

На различных образовательных платформах с 2018 года появляются и развиваются курсы по обучению созданию кэпшн-видео. Обычно такие курсы проводят для журналистов, блогеров и людей, которые хотят снимать свои любительские репортажи, быть гражданскими журналистами. Развитие таких курсов показывает актуальность, востребованность кэпшн-видео как самостоятельного жанра. Заглядывая в будущее, можно предположить разделение жанра кэпшн видео на отдельные категории, например, кэпшн-репортаж, кэпшн-хроника, кэпшн-обозрение. Такой тип позволит интегрировать классические жанры в новую медийную систему и позволит обрести авторам и СМИ свою новую интернет-аудиторию.

Список использованных источников:

1. Евдокимов В.А. Новые медиа как система // Наука о человеке: гуманитарные исследования. 2019. №2 (36). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/novye-media-kak-sistema> (дата обращения: 08.04.2023).
2. URL: <https://www.bbc.com/russian>
3. Давлетшина С.Р. «Новые медиа» и тенденции развития мультимедийных жанров // Актуальные вопросы современной филологии и журналистики. 2017. №2 (25).

ӘОЖ 070.1

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АҚПАРАТТЫҚ НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР АГЕНТТІКТЕРІ

Иса Сая Ыбырайқызы

sayaissa01@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану
факультетінің 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – М.Б.Тоқтағазин

Ақпарат тарату – әлемдік медиакеңістік агенттіктерінің басты қызметі.

«Қазақ телевизиясы» энциклопедиясында: «Ақпарат агенттігі – газет және хабар тарату ұйымдарының арасында ақпаратты жинау және оны таратумен айналысатын ұйым». Әлемдегі ірі ақпарат агенттіктері: АП («Ассошийтед пресс»), ЮПИ («Юнайтед Пресс Интернэшнл»), Рейтер және т.б. [1], - деп атап көрсетіліпті.

Ал тағы бір анықтамалықта: ақпараттық агенттік – медиакеңістікте тіркелген, өз аудиториясына, бұқаралық ақпарат құралдарына қызмет көрсететін мамандандырылған ақпараттық кәсіпорын ретінде сипатталыпты [2] Оның атқаратын негізгі қызметі – дәстүрлі газеттер мен журналдардың редакцияларын, телекомпаниялар мен радиохабарларын, сондай-ақ оның өніміне жазылушы басқа да мекемелерді, ұйымдарды, жеке тұлғаларды жедел саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени ақпаратпен қамтамасыз ету деп көрсетілген. Агенттіктің қызметі жаңалықтарды жинауға бағытталған.

БАҚ-қа қызметтерін ұсынатын ақпараттық агенттіктер ақпаратты жинау, құру, ұсыну және өңдеу бойынша қызметтердің өте кең спектрін қамтуы мүмкін. Көрсетілетін қызмет түрлері мен көлемі көбінесе агенттік көлемімен және басқару саясатымен анықталады.

Көбінесе агенттік республикадағы және шетелдегі редакциялар мен тілшілер желісінен тұрады.

Редакциялар жергілікті жерлерде өз қызметтерін көрсете отырып, дербес жұмыс істей алады, сонымен қатар тұтынушылардың кең ауқымы үшін ақпарат жинақталатын бас редакцияның басшылығымен де жұмыс істей алады. Ақпарат өз құрылымдары (веб-сайт, мерзімді басылымдар, телеарна және т.б.) арқылы да, серіктестердің көмегімен де таратылады. Агенттік құрылымына фотостудиялар, мұрағаттар, веб- және аудиовизуалды өнімдерді жасау бөлімдері, аналитикалық бөлімдер, PR бөлімдері және т.б. кіруі мүмкін, олардың қызметтерін ақпараттық агенттіктің клиенттері де пайдалана алады. [2] Енді әйгілі жаңалықтар агенттіктері туралы ақпараттарды кесте түрінде берейік.

№	Агенттік атауы	Жарияланым ауқымы	сайты
1	АВYZ	15 000-нан астам газеттерге және дүние жүзіндегі жаңалықтар лентасы, хабар таратушылар мен баспасөз агенттіктері сияқты басқа жаңалықтар сайттарына, соның ішінде ресейліктерге сілтемелер анықтамалығы. Каталог үшін кең аудиторияны қызықтыратын, жедел жаңартылатын кәсіби жаңалықтар сайттары таңдалады. Ел, аймақ және күн бойынша іздеуді қоса, кең іздеу опциялары (ағылшынша)	http://www.abyznewslinks.com/
2	Франс Пресс агенттігі (AFP)	Дүниежүзілік ақпарат агенттігі Франция мен дүние жүзіндегі жаңалықтарды алты тілде, соның ішінде орыс тілінде ұсынады. Штаб-пәтері Парижде орналасқан және бюролары бүкіл әлемде орналасқан. Барлық саладағы оқиғаларды қамтиды: саясат, дипломатиялық қатынастар, экономика. Әр минут сайын жаңартылады	http://www.afp.com//afpcom/fr
3	BBC News	Британдық хабар тарату корпорациясы (BBC) Ұлыбританиядағы және дүние жүзіндегі жаңалықтарды алты тілде, соның ішінде орыс тілінде ұсынады. Оның бүкіл әлемде бюролары бар және Press Association, Associated Press, Reuters және Agence France-Presse сияқты ақпарат агенттіктерімен ынтымақтасады. Сайттағы және оның мұрағатындағы кең іздеу мүмкіндіктері. Әр минут сайын жаңартылады	http://www.bbc.co.uk/news/ BBC жаңалықтары орыс тілінде http://www.bbc.co.uk/english/
4	CNN.com	Cable News Network (CNN) сегіз тілде тәулігіне 24 сағат АҚШ пен дүниежүзілік жаңалықтарды ұсынады. Әр минут сайын жаңартылады	http://edition.cnn.com/
5	euronews	Әлемдік жаңалықтар Еуропалық күнделікті тәулік бойы жаңалықтар арнасы. 9 тілге аударма	http://en.euronews.net/
6	Hadline Spot	Интернеттегі ең жақсы американдық және халықаралық жаңалықтар сайттарына арналған нұсқаулық. Тақырыбы, орны, түрі (жаңалықтар арнасы, газеттер, фотосуреттер, журналдар, теле және радио жаңалықтары) бойынша 2600-ден астам бірінші беттерге және жаңалықтар сайттарына мыңдаған сілтемелерге жылдам қол жеткізу. Қала, АҚШ штаты және бүкіл әлем бойынша іздеуді қоса, кең іздеу опциялары (ағылшынша)	http://headline.espot.com

7	InoForum	РЕСЕЙ және РУССОБОБИЯ деген тақырыпшалары бар шетелдік баспасөз материалдарына негізделген пікірталас клубы	http://www.inoforum.ru
8	InoPressa	Ресейдегі және әлемдегі оқиғалар туралы шетелдік баспасөз	http://www.inopressa.ru
9	Newsru.com	Ресейдегі және әлемдегі барлық жаңалықтар	http://www.newsru.com/allnews
10	Olma.ru	Әлемдік экономиканың күнделікті шолуы, апта сайынғы экономикалық шолу, сала және жеке нарықтар бойынша шолулар	http://www.olma.ru/
11	Reuters	Дүние жүзіндегі жаңалықтар он төрт тілде, соның ішінде орыс тілінде. 2500-ден астам журналистерді, фототілшілерді және операторларды біріктіреді. Ақпараттың басым бөлігі (фото және бейнелерді қоса алғанда) соғысушы тараптар өз ұстанымдарын бірдей көрсететін әскери қақтығыстар мен соғыстарға арналған. Қаржы және бизнес жаңалықтары ерекше орын алады. Сайттағы және оның мұрағатындағы кең іздеу мүмкіндіктері. Әр минут сайын жаңартылады	http://www.reuters.com/

Осы кестеде көрсетілген агенттіктердің барлығы да жаңалықты таратудың жолбарыстары мен арыстандары. Дүние жүзіндегі мыңдаған ірі газеттер мен телеарналар, журналдар мен теле- радиокөпманиялар осы ірі ақпараттық агенттіктердің құнды ақпараттарын оқырмандарына, көрермендеріне яки тыңдармандарына ұсынып отырады. Өз кезегінде бұл қанатын кеңге жайған агенттіктер жаңалықтарын сатып, ұлғайтып, іріленіп, даму үстінде. Айта кетерлік жайт, бұрыннан зерттеліп жүрген бұл тақырыпқа қазіргі зерттеушілер де назарын аударуда. Оларды арасында К.Большакова[3], Т.Курманина [4] да бар.

Жаңалықтар агенттіктері біздің елімізде баршылық. Соның ішіндегі ҚАЗАҚПАРАТ - Халықаралық дәрежеге ие болған Қазақстандағы алғашқы ақпараттық агенттік. Медиа-агенттік 90 жылдан астам уақыт бойы саясат, экономика, білім беру, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет және қоғамның өзге де тыныс тіршілігі туралы жедел әрі сенімді ақпарат таратып келеді.

ҚазАқпарат арқылы Президент Әкімшілігі, Парламент, Үкімет, өңірлік билік органдары, ұлттық қаржылық және өндірістік құрылымдардың қызметі жөнінде ресми хабар таратылады. Агенттік қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде хабар таратады. Кириллицаны оқи алмайтын шетелде тұратын қандастарымыз үшін қазақша жаңалықтар латын графикасы мен арабша төте жазуға аударылады. Жақын арада порталдың қытай және испан тілдеріндегі нұсқасын іске қосу көзделген.

Агенттіктің орталық кеңсесі Қазақстанның елордасы Астана қаласында орналасқан. Елдің қаржылық және мәдени орталығы Алматыда оның филиалы – тілшілер бюросы бар. ҚазАқпаратта өзге отандық ақпараттық агенттіктерде жоқ тілшілер желісі бар. Елдің барлық аймақтарында 15 тілшілер пункті орналасқан. Оның ішіне Байқоңыр да кіреді. Ресей, Қытай, Түркия, БАӘ, Бельгия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінде меншікті тілшілері бар. Бұл елімізде және әлемде болып жатқан жаңалықтарды on-line режимде жедел әрі шынайы таратуға мүмкіндік береді. Болашақта АҚШ, Испания, Оңтүстік Корея, Германия, Израиль, Бразилия және Үндістанға тілшілер жіберу жоспарланған.

Іргелі ақпарат агенттігінің еліміздің барлық облыстарында, Семей, Байқоңыр және Алматы қалаларында, сондай-ақ, дүниежүзі мемлекеттерінің Нью-Йорк, Брюссель, Мәскеу,

Бейжің, Ташкент және Баку сияқты астаналарында тілшілер қосындары жұмыс істейді. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жұмыс істейтін корпоративтік сайттардың арқасында агенттік еліміздегі және ғаламдағы орын алып жатқан оқиғаларды қамтып, күніне 250-275-ке дейін, ал жылына 75 мына жуық ақпараттық жаңалықтар таратады екен. Осы жерде бір айта кетер нәрсе - қазақ тіліндегі сайттың латын әрпіне негізделген нұсқасы жұмыс істеп, кириллицаны білмейтін шетелдік қандастарымызды жаңалықтармен қамтамасыз ететін көрінеді.

Сондай-ақ азір ақпарат агенттіктері қатарында астаналық «Астана дауысы», «Алькор», «Серебрянный дождь», Алматыдағы «Интерфакс-Қазақстан», «Қазақстан пресс - Қазақстан баспасөз», «Қазақстан сегодня -

Kazakhstan today», «Мақсат-телесистем», «Comintel», «CODA» агенттіктері,

Шығыс Қазақстан облысындағы аймақтық «НТК-Восток», Павлодар қаласындағы «Риа-Время», Солтүстік Қазақстан облысындағы «Ақиқат-истина», Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Монитор» және «Ерқанат-спорт» бар. Министрліктің мәліметтеріне қарағанда, олардың 80 пайызы мемлекеттік емес болып табылады. Негізінен аталған агенттіктердің барлығы дерлік хабарларын қазақ және орыс тілдерінде таратады. Жоғарыда аталған агенттіктер қызметінің негізгі міндеті, Қазақстандық қоғам өмірінде болып жатқан қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық оқиғалар мен жаңалықтардан хабарлар беру.

Жалпы, еліміздегі ақпараттық агенттіктер белгілі бір дәрежеде замана ағымына ілесіп келеді. Бірнеше тілдерде ақпарат таратудан бөлек әрқайсысы өз келбетін айқындауға талпыныс білдіруі де жаңашылдыққа ұмтылғанының бір көрінісі. Өйткені ақпараттық ғасырда бөтен біреуді қайталау жаңалықтар агенттігіне абырой әпермейді. Сондықтан да болар олардың әрқайсысының өзіндік тақырыптық аясы бар, өз жолы бар. Тіпті сайттарын жасау мен ақпаратты беру форматында да ерекшелікке ұмтылуы құптарлық жайт.

Қорыта айтар болсақ, жаңалықтар агенттіктері медиакеністікте шешуші роль атқаратын келбеті келісті ақпараттық маңызды құрылым. Бүгінгі қым-қуыт заманда халыққа жаңалықтарды жеткізуде жаңалықтар агенттіктері шешуші буын болғандықтан оларға жүктелетін жауапкершілік те зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақ телевизиясы». Энциклопедия. – Алматы: «ҚазАқпарат», 2009, 1-т. – 640 б. ISBN 978-601-03-0070-5

2. Электронды

ресурс:

https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%98%D0%BD%D1%84%D0%BE%D1%80%D0%BC%D0%B0%D1%86%D0%B8%D0%BE%D0%BD%D0%BD%D0%BE%D0%B5_%D0%B0%D0%B3%D0%B5%D0%BD%D1%82%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%BE

3. Большакова, К. Ю. Место и роль информационных агентств новой России / К. Ю. Большакова. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2011. – № 2 (25). – Т. 2. – С. 190-192. – URL: <https://moluch.ru/archive/25/2711/> (дата обращения: 14.05.2023).

4. Т. С. Курманина Т.С., К вопросу о типологических особенностях информационного агентства как группы сми, <file:///C:/Users/User/Downloads/k-voprosu-o-tipologicheskikh-osobennostyah-informatsionnogo-agentstva-kak-gruppy-smi.pdf>